

Сабақтың тақырыбы:

Аспан әлемін зерттеген ұлы  
көшпенділер

Мақсаты:

Қазақ тіліндегі нақты  
хабарламалар арқылы оқушыларға  
аспан әлемін зерттеген ұлы  
көшпенділер жайлы ақпарат беру

# Өткен сөздерді еске түсіру:

аспан — небо - sky

жұлдыз — звезда - star

жер — земля - earth

күн — солнце - sun

әлем — мир - world

ай — луна - moon

## Өткен сабақты пысықтау

1. Алуа не туралы көп оқиды?
2. Ол нені ұнатады?
3. Алуа нені бақылайды?
4. Жұлдыз неден тұрады?
5. Қандай аспан денелерін білесің?
6. Біздің галактика қандай?



## «Жоқ сөзді тап» ойыны

I топ. Күн де, жұлдыздар да ... денелері.

II топ. Жұлдыздар ... алыс.

III топ. Аспан ... құпиясы көп.

# Жаңа сабақ

- Балалар, өлең не туралы?
- Қандай сөздер біздің өткен сабағымызға байланысты?

# Жаңа сөздер:

түркілер – тюрки

қызықтырған – заинтересовал

кең дала – широкая степь

жұлдызшы – звездочет, астролог

орта ғасыр – средневековье

ежелден – издавна

зерттеген – исследовал

құбылыс – явление

зират – кладбище

мүсін – скульптура

# Жаңа сабақ

- Суретте кім бейнеленген?
- Қазіргі заманда жұлдызшылар бар ма?
- Сен жұлдызшылардың зерттеуіне сенесің бе?
- Жұлдызшылар нені зерттеген?







# Әл-Хорезми

Ортағасырлық ұлы ғалым, математик, астроном,  
тарихшы, жағрапияшы



# Настродамус

Француз жұлдызшысы, дәрігер, ақын, фармацевт

# Мәтінмен жұмыс

Көшпенді түркілерді әрқашан аспан әлемінің құпиясы қызықтырған. Кең далада өмір сүрген ұлы көшпенділер аспан әлемінің құпиясын меңгерген. Техника жоқ кезде қазақтар аспан денелерінің қозғалысын білген. Аспан әлемін бақылайтын адамдар болған. Аспан, жұлдыз әлемін бақылайтын адамдарды «жұлдызшы» деп атаған. Қазақ жұлдызшылары ежелгі дәуір мен орта ғасырда аспан денелерінің қозғалысын бақылаған. Ондай жұлдызшылар Ежелгі Мысырда (Египетте), Үндістанда, Грекияда да болған. Олар аспан құбылыстарын зерттеген, күнтізбе есебін жүргізген.

Ежелгі түркі жұлдызшылары «Жетіқарақшы», Үркер, Темірқазық, Босаға, Таразы жұлдыздарын ашқан. Жұлдызшылар ауа райын көктемнің келуін, жаздың шығуын болжаған. Бұл мәліметтер көшпенді түркілер үшін өте маңызды болған. Көшпенділер жұлдызшылардың бақылауын тұрмыста пайдаланған. Кейбір жұлдызшылар астрологиямен айналысқан. Қазақтар - ұлы түркілердің ұрпағы. Қазақтар жазда жайлауға көшіп, қыста қыстауда тұрған.

Қазақстан археологтары Орталық Қазақстандағы Жанғабыл өзенінің маңынан VІІІ – Х ғасырларда өмір сүрген жұлдызшының зиратын тапқан. Зиратта жұлдызтас, метеорит болған. Зираттың жанына гранит мүсіні қойылған.

# Жаттығу жұмысы:

I топ	II топ	III топ
балалар түркілер сурет салған қызықтырған тұрмыста пайдаланған оқыған жұлдызды аспан кең дала	бақылайды жұлдызшы шексіз ежелгі дәуір шашырап төгілген орта ғасыр сабақ зерттеген	тарих құбылыс жел аспан денесі мүсін жаңбыр боран зират



# Сабақты қорытындылау. Кластер әдісі

I топ - Жұлдызшы

II топ – Әл-Хорезми

III топ жұлдыздар



# Рефлексия

Не үйрендім?	Не түсініксіз болды?	Нені үйренгім келеді?